

**"Қостанай облысы әкімдігінің құрылышы, сәулет және қала құрылышы басқармасы"  
мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы**

Костанай облысы әкімдігінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 558 қаулысы.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған "Қостанай облысы әкімдігінің құрылышы, сәулет және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. "Қостанай облысы әкімдігінің құрылышы, сәулет және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) жоғарыда көрсетілген Ереженің заңнамада белгіленген тәртіпте әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

A. Мұхамбетов

Қостанай облысы әкімдігінің

2021 жылғы 30 қарашадағы

№ 558 қаулысымен

бекітілген

**"Қостанай облысы әкімдігінің құрылышы, сәулет және қала құрылышы басқармасы"  
мемлекеттік мекемесі туралы ереже**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Қостанай облысы әкімдігінің құрылышы, сәулет және қала құрылышы бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) құрылышы, сәулет және қала құрылышы саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомствоның бағынысты ұйымы бар: "Қостанай облысы әкімдігінің құрылышы, сәулет және қала құрылышы басқармасының "Сәулет-құрылыш бюросы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы әкімдігінің 17.06.2024 № 243 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеме ретінде ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлөрі және атауы мемлекеттік тілде жазылған мөртабандары, белгіленген ұлғідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан тұседі.

6. Басқарма егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бүйректерімен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Республикасы Қазақстан, 110000, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 112.

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерден жүзеге асырылады.

12. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## **2-тарау. Мемлекеттік органдың міндеттері мен өкілеттігі**

13. Міндеттері:

- 1) республикалық және жергілікті бюджеттерден түсетін қаражат есебінен құрылыс бойынша инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) жүзеге асыру;
- 2) құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

14. Өкілеттігі:

1) құқықтары:

өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар мен лауазымдық тұлғалардан және өзге де үйымдардан қажетті ақпаратты, құжаттар мен өзге де материалдарды сұрату және алу;

Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша заңды және жеке тұлғаларға түсініктемелер беру;

өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуде қатысу;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтар;

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтау;

Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және өзге де орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ облыс әкімі мен әкімдіктің актілері мен тапсырмаларын уақтылы және сапалы орындау;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру;

сот органдарында Басқарманың құқықтары мен міндеттерін заңнамамен белгіленген тәртіппен қорғауды жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

15. Функциялары:

1) Қазақстан Республикасының құрылыс, сәулет және қала құрылысы туралы заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерден түсетін қаражат есебінен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру процесінде құрылыс тапсырыс берушісінің функцияларын жүзеге асырады;

2) мердігердің (бас мердігердің) орындайтын жұмыс барысы мен сапасына және олардың орындалу мерзімінің сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

3) объектінің құрылысына техникалық және авторлық қадағалауды қамтамасыз етеді;

4) техникалық және авторлық қадағалаудың нұсқамаларын уақылы және сапалы орындағаны үшін мердігерге (бас мердігерге) шаралар қабылдайды;

5) Басқарма тапсырыс беруші болып табылатын салынған объектілерді пайдалануға қабылдаудында қатысады;

6) облыс аумағындағы елді мекендердің белгіленген тәртіппен бекітілген бас жоспарларының аумақтарды қала құрылышын жоспарлаудың кешенді схемасын (облыстың немесе оның бөлігінің аудандық жоспарлауының жобасын) іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіреді;

7) халық саны жұз мыңдан асатын облыстық маңызы бар қаланың бас жоспарының жобасын кейіннен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізу үшін облыстық мәслихаттың қарауына енгізеді;

8) облыстық мәслихат макұлдаған халқының саны жұз мыңдан асатын облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларын әзірлеуді және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынуды ұйымдастырады;

9) облыстық мәслихаттың бекітуіне ведомствоның бағынысты әкімшілік-аумақтың бірліктердің аумақтарын қала құрылышын жоспарлаудың кешенді схемаларын (аудандық жоспарлау жобаларын), сондай-ақ қалалық мәслихаттар макұлдаған халқының саны жұз мыңға дейінгі облыстық маңызы бар қалаларды дамытудың бас жоспарларының жобаларын енгізеді;

10) үлгілік қағидалар негізінде әзірленген, сәulet, қала құрылышы және құрылыш істері жөніндегі уәкілетті органымен бекітілетін Жасыл желектерді күтіп-ұсташау және қорғау қағидаларын, Қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын, Сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастыру қағидаларды әзірлейді және облыстық мәслихаттың бекітуіне ұсынады;

11) облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларының жобаларын келіседі;

12) аумақты жоспарлы құрылышын салу немесе қала құрылышының өзге де өзгерістері туралы халықты хабардар етеді;

13) елді мекендердің бекітілген бас жоспарларын (қала құрылышының жоспарлау кешенді схемасын, жоспарлау жобаларын) әзірлеу үшін әзірленетін қала құрылышы жобаларын (егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын, құрылыш жобаларын) келісу үшін облыс әкімдігінің актілерін дайындауды;

14) облыс аумағындағы мемлекеттік сәulet-құрылыш бақылау және қадағалау органдарының жұмысына жәрдемдеседі;

15) мемлекеттік қала құрылышы кадастрының дерекқорына енгізу үшін белгіленген тәртіппен ақпаратты және (немесе) мәліметтерді ұсынады;

16) халқының саны жұз мың тұрғынға дейінгі облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларының жобаларына кешенді қала құрылышы сараптамасын өткізуі ұйымдастырады;

17) "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйесін жүргізуді және толтыруды қамтамасыз етеді;

17-1) алып тасталды - Қостанай облысы әкімдігінің 29.09.2023 № 412 қаулысымен;

17-2) алып тасталды - Қостанай облысы әкімдігінің 29.09.2023 № 412 қаулысымен;

18) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы әкімдігінің 06.06.2023 № 233 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 29.09.2023 № 412 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

### 3-тaraу. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мэртебесі, өкілеттігі

16. Басқармаға басшылықты Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

17. Басқарманың бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттігі:

1) Басқарма қызметкерлерін, ведомстволық бағынысты ұйымның басшысын қызметке тағайындейды және қызметтен босатады;

2) Басқарманың құрылымын, құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді және лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

3) міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарын бекітеді;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен барлық қарым-қатынастарды Басқарманың атынан жасайды;

5) бірінші қол қою құқығына ие;

6) сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды қолданбағаны үшін дербес жауапты болады;

7) Басқарма қызметкерлерінің міндетті орындау үшін бұйрықтарды шығарады және нұсқаулар береді;

8) Басқарма қызметкерлеріне заңнамада белгіленген тәртіппен көтермелей, материалдық көмек көрсету, тәртіптік жазалар қолдану шараларын қабылдайды;

9) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындейды.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы әкімдігінің 17.06.2024 № 243 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

#### **4-тарау. Мемлекеттік органдың мүлкі**

21. Басқармада заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алғынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарманың өзіне бекітілген мүлікті және оған қаржыландыру жоспары бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алғынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.